

«АйКүн» бөбекжай - балабақшасының

Ортаңғы тобына арналған

«Үй жағдайында қауіпсіздік»

Тәрбиеші: Қуанышова К.Н

Ақтөбе 2025ж

Ата-аналармен кездесу сценарийі

Тақырыбы: «Үй жағдайындағы қауіпсіздік»

Мақсаты: Ата-аналардың үй жағдайында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы білімдерін кеңейту, жазатайым оқиғалардың алдын алу жолдарын түсіндіру.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ата-аналар!

Бүгінгі басқосуымыздың тақырыбы – «Үй жағдайындағы қауіпсіздік».

Бала үшін ең жайлы әрі қауіпсіз орын – өз үйі. Алайда көптеген тұрмыстық жарақаттар дәл үй жағдайында орын алады. Сондықтан әрбір ата-ана қауіпсіздік ережелерін сақтап, баласына оны күнделікті үйретіп отыруы қажет.

Сұрақ-жауап

Жүргізуші:

– Балаларыңызға үйде қандай қауіпсіздік ережелерін үйретесіздер?

(Ата-аналардың жауаптары тыңдалады.)

Ақпараттық бөлім

Жүргізуші:

Қауіпсіздік үшін мына ережелерді есте сақтайық:

- * Электр розеткаларын арнайы қорғанышпен жабдықтау;
- * Дәрі-дәрмек пен тұрмыстық химиялық заттарды бала қолы жетпейтін жерге қою;
- * Пышақ, қайшы және басқа да өткір заттарды қауіпсіз жерде сақтау;
- * Терезелерге қорғаныш бекіткіштерін орнату;
- * Ыстық су мен электр құралдарын қараусыз қалдырмау;
- * Баланы үйде жалғыз қалдырмауға тырысу.

Жағдаяттық тапсырма

Жүргізуші: Енді бірнеше жағдаятты бірге талқылайық.

1-жағдаят: Бала үстелдің үстіндегі дәрі-дәрмекті көріп алды. Не істейсіз?

2-жағдаят: Бала электр розеткасына саусағын немесе бөгде затты салмақ болды. Қалай әрекет етесіз?

3-жағдаят: Бала терезеге шығып, сыртқа қарамақшы болды. Мұндай жағдайда не істеу керек?

(Ата-аналар өз пікірлерін айтады.)

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар!

Баланың қауіпсіздігі – барлығымыздың ортақ міндетіміз. Балалар үлкендердің іс-әрекетіне қарап үйренеді. Сондықтан қауіпсіздік ережелерін өзіміз сақтап, балаларымызға күн сайын еске салып отырайық.

«Қауіпсіз үй – бақытты балалық шақтың кепілі!»


Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет! Балаларыңыз аман, отбасыларыңызға амандық пен береке тілейміз!



Үй жағдайындағы қауіпсіздік

Құрметті ата-аналар!

Балалардың өмірі мен денсаулығы – ең басты құндылық.
Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтап,
балаларымызды қорғап қалайық!




Электр розеткаларын
қорғаныш қақпақтармен
жабдықтаңыз.



Ыстық, су, шәйнек,
үтік сияқты заттарды
қараусыз қалдырмаңыз.



Дәрі-дәрмектерді,
тұрмыстық химиялық
заттарды балалардың қолы
жетпейтін жерде сақтаңыз.



Терезелерге қауіпсіздік
құлыптарын орнатып,
баланы терезе маңында
жалғыз қалдырмаңыз.



Пышақ, қайшы сияқты
өткір заттарды қауіпсіз
жерде сақтаңыз.



Сатылар мен балкондарға
қорғаныш тосқауылдарын
орнатыңыз.



Кішкентай заттармен
(моншақ, тиын, батарейка)
ойнауға жол бермеңіз.



Төтенше жағдайда 112
нөміріне хабарласуды
үйретіңіз.

Қауіпсіздік ережелерін сақтайық!
Балаларымыздың амандығы – өз қолымызда!